

Важность формирования национального самосознания школьников

Қ.Ж. Утеева

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(Алматы, Казахстан)*

Аннотация

Сегодня в стенах школы проходит путь формирования эффективного национального самосознания, возвышения страны, духовного обновления нашего общества. Результат такого воспитания определяется тем, насколько искренен ученик на его творческом пути. Результаты работы ученика по патриотическому воспитанию измеряются уровнем подготовки и стремления учащихся к выполнению гражданских и патриотических обязанностей, в сочетании с личным и общественным интересом, вкладом в родной край, в процветание Родины. В творческой работе рассмотрены основные направления сферы воспитания, пути их организации, формы работы с родителями, пути привития патриотического воспитания школьнику.

Ключевые слова: подростки; национальное самосознание; национальные ценности; самосознание; мораль; воспитательный потенциал.

The Importance of Forming the National Self-Consciousness of Schoolchildren

K. Uteeva

*Abai Kazakh National Pedagogical University
(Almaty, Kazakhstan)*

Abstract

Today, the formation of an effective national consciousness within the walls of the school is a way to raise the country, spiritual renewal of our society. The result of such education is determined by how sincere the student is in his creative path. The result of the student's work on patriotic education is measured by his contribution to the prosperity of his native land, his homeland, the ability to combine personal and public interest, the teacher's motivation and readiness to fulfill his civic and patriotic duties to students. The main directions of the educational sphere, ways to organize them, types of work with parents, ways to instill patriotic education in students are considered in the creative work.

Keywords: teenagers; national identity; national values; self-awareness; morality; educational potential.

Редакция 08.09.2022 қабылданды.

МРНТИ 159.9 07

DOI 10.51889/7966.2022.96.77.027

Қ.Е. АБДУЛЛИНА^{1*}, Л.Ф. КРУПЕЛЬНИЦКАЯ²

¹ *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан),*

² *Тарас Шевченко атындағы Киев ұлттық университеті (Киев, Украина)
kyrabydyl@mail.ru*, krlyuda@gmail.com*

**ҚАЗАҚ СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІНІҢ ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ЕСТУ
ҚАБІЛЕТІ НАШАР ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЛСЕНДІЛІГІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Аңдатпа

Мақалада нашар еститін және қалыпты еститін мектеп оқушыларының киіз басу сабағы барысындағы бірлескен іс-әрекеттерінің нашар еститін оқушының жеке тұлғасының диалогтық және әлеуметтік белсенділігін дамытуға жағдай жасайтын ерекшеліктері қарастырылады. Авторлар мұндай сабақты

ұйымдастыру қиындық тудыратын жағдайларды қажет етпейтініне, яғни бұл әдіс көптеген мектептер мен түзету орталықтарына экономикалық тұрғыда қолжетімді екеніне назар аударады. Шығармашылық іс-әрекет үрдісіндегі әлеуметтік белсенділіктің мазмұндық компоненттері эксперименттік түрде негізделеді, нақты айтқанда, киіз басу сабақтары балалардың диалогтық сөйлеуін дамытуға және жалпы есту қабілеті нашар балалардың әлеуметтік бейімделуін дамытуға ықпал етеді. Есту қабілеті бұзылған балаларда диалогтық сөйлеуді қалыптастыру үрдісіндегі пәндік-практикалық оқыту сабақтарының әлеуметтік белсенділіктің негізгі дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратыны көрсетілген.

Кілтті сөздер: нашар еститін оқушылар, ұлттық киіз басу өнері, әлеуметтік белсенділік, диалогтық сөйлеу, бірлескен іс-әрекет, әлеуметтену.

Кіріспе. Қазіргі Қазақстан ұлттық өркендеу кезеңін бастан өткеруде. Жаңару үдерісі ұлттық білімге, халықтық әдет-ғұрыптарға, салт-дәстүрлерге, қазақ тіліне, сәндік-қолданбалы өнерге әсер етті, оның ішіне киіз басу өнері де кіреді.

Ұлттық қолөнердің бірі – киіз басу сан ғасырлар бойы көшпелі халықтың өмірін айқындайтын, әдіс-тәсілдері мен орындау техникасының кең базасы және берері мол даму перспективасы бар қолданбалы өнер түрі болып табылады.

Қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің ерекшелігі, шығармашылықтың бір түрі ретінде, халық шығармашылығының әдіснамалық қағидаттары, көркемдік таным әдістері, арнайы педагогикалық жағдайлар туғызу кезінде өскелең ұрпақтың әлеуметтік белсенділігінің дамуына ықпал ететін жұмыстың жаңа тәсілдері ретінде оқыту үдерісіндегі тұжырымдамалық негіздерге тұрақты сүйенуді қажет етеді.

Ресейлік зерттеушілердің (Л.И.Аксенова, О.А.Денисова, Н.Н.Малофеев, Н.М.Назарова, М.Н.Рейт) ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалардың белсенді әлеуметтену мәселесі бойынша көзқарастарын талдау барысы, есту қабілеті бұзылған балалардың еститіндермен ауызша қарым-қатынасқа түсуі аса маңызды екенін көрсетті.

Есту қабілеті бұзылған балаларда диалогтық сөйлеуді қалыптастыру үрдісіндегі пәндік-практикалық оқыту сабақтары, әлеуметтік белсенділіктің негізгі дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратыны белгілі. Бұл тұжырым көбінесе бастауыш сынып оқушыларына қатысты, себебі бұл пән білім беру бағдарламасына енгізілген. Пәндік-практикалық оқыту сабақтарында

алынған практикалық іскерлік пен дағдылар, оқушыларды одан арғы коммуникативтік-белсенділік тәжірибесіне дайындайды. Бұл сабақтарда қазіргі сурдопедагогиканың маңызды міндеттерінің бірі – естімейтін және нашар еститін балалардың ауызша сөйлеуінің қалыптасуы жүзеге асырылады.

Зерттеушілер М.Л.Зыков [1], Е.Н.Марциновская [2], Т.В.Нестерович [3] пәндермен практикалық іс-әрекет жағдайларында қарым-қатынасты дамыту, сөйлеу дағдыларының қалыптасуы тілді қолдану қажеттілікке айналған табиғи және ынталандырылған жағдайларда жүзеге асатынын ерекше атап көрсетеді. Жасалуы көзделген бұйыммен таныстыру, жұмысқа қажетті материалдарды дайындау, алдағы орындалатын іс-әрекетті жоспарлау, ұжымдық еңбек жағдайында жұмыс істеу үрдісі, атқарылған жұмыс туралы есеп беру және тексеру – мұның бәрі ауызша қарым-қатынасқа түсудің сұранысы мен қажеттілігін тудырады.

Т.А.Власова [4], Н.М.Назарова [5], Г.Н.Пенин [6], қазіргі уақытта есту қабілеті бұзылған балаларға арналған мектептердегі арнайы білім берудің әлеуметтік-бейімделуге бағытталған мәселелері оларды белсенді еңбек әрекетіне араластыру жөніндегі мақсатталған және жүйеленген жұмысты ұйымдастыру қажет екенін анықтайды деп есептейді.

И.А.Грошенков [7], Н.Е.Фаас [8] сәндік-қолданбалы шығармашылықпен айналысу ең қызықтыратын әрекеттердің бірі болып табылатынын, сонымен қатар ол психотерапевтік және педагогикалық түзету жұмыстары үшін қолданылатынын көрсетеді. Шетелдік

мамандардың тәжірибесі (В.Оклендер, Е.М.Кulesza, М.Рottger) есту және эмоционалды-ерік бұзылыстары бар балалармен психологиялық-педагогикалық жұмыс істеу барысында сәндік-қолданбалы қызметтің алуан түрлерін қолдануға болатынын көрсетеді [9,10,11].

Біз отандық арнайы әдебиеттерді зерделеу барысында есту қабілеті бұзылған балаларға түзетушілік әсер етудің бұл әдісі іс жүзінде ұсынылмайтындығын аңғардық.

Ж.И.Намазбаева [12], Н.Б.Жиенбаева [13], К.Е.Абдуллина [14] зерттеулерінде естімейтін орта сынып оқушыларымен (5-7 сынып) киіз үй моделін жасауда киіз басуды пайдаланудың кейбір сәтті сабақтары ғана сипатталады:

Алайда, олар негіздеген:

– осы сабақтардағы әлеуметтендіру, белсенділік функциялары ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жеке тұлғасын әлеуметтік өмірге қосу, оларды қоғамдастықтың толыққанды мүшесі ретінде қалыптастыру құралы болып табылады;

– шығармашылық қызметтің маңызды факторларының дамуына ықпал ететін эвристикалық функция: қиял, бейнелі ойлау, белгілі бір эмоционалды көңіл-күй, қазақстандық арнайы психологияның маңызды жетістігі болып табылады.

Осыған байланысты, ұлттық шығармашылықтың бірегей түрі ретінде киіз басу сабақтарының тиімділігі мен қолжетімділігі есту қабілеті бұзылған балалар және жасөспірімдермен жұмыс істейтін орталықтардың, оқу және демалыс мекемелерінің түзету бағдарламасына енгізілуі тиіс деп болжаймыз.

Осылайша, аталған зерттеу деректерін талдай келе, біз есту қабілеті бұзылған балалардың бейімделуіндегі әлеуметтік белсенділік арнайы педагогика мен психологияның аса маңызды міндеті болып табылады деген қорытындыға келеміз.

Қалыпты және қалыптан тыс баланың даму заңдылығының бірлігі принципіне сүйене отырып (Л.С.Выготский, В.И.Лубовский), киіз басу құралдары арқылы есту қабілеті нашар балалардың

белсенді сөйлеу әрекетін қалыптастыру қалыпты даму кезіндегі қарым-қатынас онтогенезінің логикасына сүйенуге тиіс деп есептейміз. Дегенмен, қорғаныс механизмдері өзара әрекеттестіктің қалыптасуына елеулі кедергі болса да, қоршаған ортаны қосымша ұйымдастыру арқылы нашар еститін оқушы қалыпты типтегі балалармен өзінің қарым-қатынас және бірлескен іс-әрекет тәжірибесін кеңейте алады, бұл оның жалпы әлеуметтік бейімделуіне оң әсер етеді [15,16].

Т.Боронскийдің, Д.Винникоттың [17,18] зерттеулері ұлттық-қолданбалы шығармашылықпен айналысу, әдетте, психофизикалық дамудың әртүрлі бұзылыстарын педагогикалық түзетуде қолданылатынын көрсетті.

Осыған байланысты, біз есту қабілеті нашар балалармен психологиялық-педагогикалық жұмыста киіз басу сабақтарын тиімді пайдалануға болады деп болжап, оны бірқатар себептермен негіздедік:

1. киіз басу сабақтары мұғалім мен оқушының бірлескен қызметі арқылы жанама түрде белсенді өзара әрекеттесуді дамытуға мүмкіндік береді;

2. киіз басу сабағы барысындағы бірлескен іс-әрекеттер өздері жайлы жағымды бейнені дамытуына жағдай жасайды, бұл нашар еститін адам тұлғасының әлеуметтік белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

3. сабақтарды өткізу үшін аса қиын жағдайлар қажет емес, яғни бұл әдіс көптеген мектептер мен түзету орталықтары үшін экономикалық тұрғыда қолжетімді.

4. пәндік іс-әрекет үрдісінде, атап айтқанда киіз басу сабақтарында қарым-қатынасты қалыптастыру диалогтық сөйлеуді және жалпы әлеуметтік бейімделуді дамытуға ықпал етеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Диалогтық қарым-қатынас белсенділігін эмпирикалық зерттеудің әдістері мен тәсілдерін құрастыру, тақырыптың мәнін анықтауға, оның қасиеттері мен заңдылықтарын зерделеуге байланысты жүзеге асырылды. Белсенділікті диагно-

стикалау үшін біз әртүрлі әдістемелерді қолдандық. Ең тиімдісі – іс-әрекет нәтижелерін және іс-әрекетке деген көзқарасты талдауды, сауалнаманы, экспери-ментті, бақылауды, жеке тұлғаны топтық бағалауды қамтитын кешенді әдіс.

Біздің диалогтік қарым-қатынас белсенділігін зерттеудің кешенді әдістемесі бақылау, әлеуметтік-психологиялық сауалнама, пәндік-практикалық сабақтардағы және сабақтан тыс уақыттағы іс-әрекет нәтижелерін талдау, сараптамалық бағалау, табиғи экспериментті қамтыды.

Тәжірибенің бас кезеңінде біз бақылау және сынып жетекшілері мен пән мұғалімдерінен сұрақ-жауап алу әдісін қолдануды жөн көрдік (пәндік-практикалық оқыту, киіз басу сабақтары).

Есту қабілеті бұзылған 5-7 сынып оқушыларының диалогтік сөйлеуін зерттеу барысында, олардың қарым-қатынасындағы басымдығы бар мотив ситуациялық-іскерлік болатынын (М.И.Лисина бойынша), ал осы жастағы олардың еститін құрбыларының арасында ситуациялық-тұлғалық басым бола бастайтынын көрсетті.

Эксперимент «Абай облысы білім басқармасы Семей қаласы бойынша білім бөлімінің «Балалар өнер мектебі» КМҚК және Абай облысы білім басқармасының «№ 4 арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүрзілді. Эксперименттік оқытуға: 12-14 жас аралығындағы есту қабілеті нашар 21 бала; 15 еститін сыналушылар қатысты.

Оқыту экспериментінің мақсаты киіз басу сабақтарында балалардың диалогтық өзара әрекеттесуі арқылы әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру болды.

Нәтижелер және оларды талқылау. Жүргізілген эксперимент нашар еститін оқушылардың диалогтік сөйлеуінің келесі ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

1. Нашар еститін оқушылардың коммуникативтік мінез-құлқын талдау олардың қарым-қатынасты қажетсінетіндігін көрсетті. Алайда, әдетте, өздерінің сөйлеу ерекшеліктерін түсіне отырып, бұл балалар диалогқа түсуде көбіне пассивті позицияны ұстанды және айналасындағы еститіндерден

бастама күтті, әйтсе де, эмоционалдық жағдайларынан есту қабілеті бар адамдармен сөйлесуге оң көзқарас танытатындары байқалды.

2. Репликалық жауаптар айтылған сөздердің жалпы санының 68,6%, ал реплика-ынталандыру - 31,4% құрайды. Диалогта есту қабілеті нашар оқушылар сұрақ қоюдан гөрі көбірек жауап беруді жөн көрді, жалпы диалогтық бастамада енжар позицияны ұстанды, диалогты бастамады.

3. Есту қабілеті нашар оқушылар ауызша диалогтарда негізінен қысқа және толық емес репликаларды қолданды (әр репликада 1,3-тен 4,1-ге дейін лексикалық бірліктер).

4. Есту қабілеті нашар оқушылардың сөйлеуінде, негізінен, қысқа бір буынды сөйлемдер басым болды. Соңғыларының репликалық-жауаптарында сөйлеуді дамытуға арналған сабақтарда қалыптасқан типтік сөз тіркестері жиі кездесті.

5. Есту қабілеті нашар оқушылардың диалогтік мәлімдемелеріне ауызша репликаларды ым-ишараға алмастыру тән болды, сондай-ақ диалогтарда дактилология жиі қолданылды, бұл еститіндермен қарым-қатынасты қиындатты.

Мұғалімдер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдау барысы, олардың оқушылары қазіргі уақытта айналасындағы есту қабілеті бар адамдармен толыққанды қарым-қатынасқа түсе алмайтынын көрсетті. Респонденттердің жартысынан сәл астамы (52,6%) болашақта олардың оқушылары еститіндермен еркін қарым-қатынасқа түсе алмайтындықтарына сенімді болды. Педагогтардың есту қабілеті нашар оқушылардың сөйлеу белсенділігін бағалау деректері 1-кестеде көрсетілген.

Респонденттердің көпшілігі, есту қабілеті бұзылған оқушылар еститін адамдармен қарым-қатынасқа түсуде белсенді емес (сұрақтарға аграмматизммен қысқа сөз тіркестерімен жауап береді, өздері сұрақ қоймайды) немесе жеткілікті түрде белсенділік танытпайды (әңгімені өздері бастамайды, бірақ қысқа сөйлемдермен жауап бере отырып, әңгімені жалғастырады, өздері сирек сұрақ қояды) деп есептейді, бұл өз кезегінде еститіндермен диалог жүргізуде қолайсыз.

Кесте 1

Есту қабілеті нашар оқушылардың еститіндермен диалогқа түсудегі сөйлеу белсенділігі туралы педагогтарға жүргізілген сауалнама нәтижесі, %

Нашар еститін оқушылардың әлеуметтік белсенділігі	Нашар еститін оқушылардың диалогтық белсенділігі	Еститін құрдастарымен
Бастамашылдық танытады/ (бұйым мен жұмыс түрін таңдау барысында)	Бастамашылдық танытады (өзі сұрақтар қояды)	20
Орындаушылық танытады (нақты нұсқауларды орындайды)	Дақтильді қолдануда белсенді/	46
Пассивті	Пассивті	33

Осы типтегі көріністердің сапалық ерекшеліктері сынып жетекшілері мен сынып мұғалімдеріне арналған сауалнамалар арқылы анықталды, бұл әртүрлі балалардағы белсенділік типінің жеке көріністерін анықтауға мүмкіндік берді (кесте 2).

Алғаш рет эксперименттік тұрғыда есту қабілеті нашар оқушылардың жеке тұлғалық белсенділігінің дамуы оның

орындаушылық пен бастамашылдық көрсеткіштеріне қарамастан, құлдырау тенденциясымен сипатталатыны анықталды. Біздің көзқарасымызша бұл оқушылардың «ішкі ұстанымын» есепке алмай, оларға сыртқы әсердің шамадан тыс болуымен байланысты, бұл тұлға белсенділігінің дамуына айтарлықтай кедергі келтіреді.

Кесте 2

Тұлғалық белсенділік типтері әртүрлі оқушылардағы өзара байланыстардың жиілігі

Балалардағы белсенділік пен рективтіліктің типтері	1	2	3	4	5
Бастамашылдар мен орындаушылар	29	59	22	38	50
Бастамашылдықтың басым болуы	21	8	11	5	0
Орындаушылықтың басым болуы	18	26	37	38	20
Әлеуметтік импульсивті	18	8	22	0	30
Әлеуметтік-пассивті	14	0	8	19	0

Әрі қарай біз есту қабілеті нашар балалардың типтерін сипаттауға көшеміз:

1-ші типі: бастамашылдық пен орындаушылықтың жеткілікті деңгейін көрсететін балалар.

Осы топқа кіретін оқушылар іс-әрекетте бастамашылдық пен орындаушылық таныта алады:

– *киіз басуда:* тапсырмаларды орындаудың формалары мен түрлерін таңдауда бастамашыл, олардың қажеттілігін түсінеді, нәтижеге жетудің креативті тәсілдерін ұсына алады, тапсырмаларды орындауды белсендіреді; дербес, ынталы, істі соңына дейін қисынды жеткізеді, жауапты, жұмыстың жоғары сапасы мен нәтижелерін көрсетеді;

– *қарым-қатынаста:* бастамашыларға жатады, диалогтық бірліктердің барлық

түрлеріне сүйенеді, әңгімелесуді жүргізе алады, өзіне және басқаларға талапшыл, өзара қарым-қатынас нормаларын сақтайды.

2-ші тип: бастамашылдығы басым балалар.

Бұл сапалы бастамаларды ұсына алатын, бірақ оны әркез өз орындаушылығымен байланыстыра бермейтін мектеп оқушылары, сондай-ақ бастаманы алға қоя алатын, бірақ орындаушылықтың операциялық тараптарын жеткілікті дәрежеде меңгермеген немесе дербестігі жоқ адамдар; нәтижесінде олардың жұмысы үзіледі немесе сапалы орындалмайды.

Киіз басу үдерісінде тапсырмаларды орындауға ынта-ықыласпен қосылады, бас кезінде басқа балаларды қоса отырып, берілген жұмысқа қызығушылықпен

кіріседі, бірақ, бір мезетте олардың өз орындаушылықтары жоғары деңгейде болмайды, көбінесе бастаған ісін соңына дейін жеткізбейді; мысалы, тапсырманы орындауда басқалардан алдыда екенін білу үшін көңіл аударды және осылайша өз жұмыстарының нәтижесіне жете алмайды; практикалық жұмыста жеткілікті дағдылар мен іскерліктерді игермеген.

Қарым-қатынаста: белсенді, бірақ көбінесе сөзі мен ісі үйлеспейді, қарым-қатынас жиілігі мақсатына жетпейді, әрдайым адамгершілік нормаларын сақтай бермейді, нәтижесінде жанжалды жағдайлар туындауы мүмкін.

3-і тип: орындаушылығы басым балалар. Бұл топқа жүктелген міндеттерді сапалы және жоғары деңгейде шешуге қабілетті, бірақ нұсқау мен беделге бағытталған бастамаларға аса ынта танытпайтын балалар кіреді.

Киіз басуда: тапсырмаларды сапалы орындайды, бірақ алдағы жұмыс жоспарын талқылауға қатыспайды (мысалы, «Киіз үй» макеті, балалардың бейнелерін қалай орналастырған қызық? Түскиіздің фонын әрлеуде қандай жүннің түсін қолдануға болады?), іс-әрекетке өз ұсыныстарын енгізбейді, алгоритм бойынша әрекет етеді.

4-і типі: әлеуметтік импульсивті балалар. Балалардың бұл санаты, бір қарағанда, жоғары белсенділікті көрсетеді, бірақ оның сапасы бағдарламалық және қоғамдық талаптарға сәйкес келмейді. Олар бастамашыл бола алады, бірақ оның құндылығы шамалы, өйткені олар шешілетін тапсырманың талаптарына толық сәйкес келмейді. Мұндай бастамашылдық негізінен айқын емес.

Орындаушылығы жағдаятпен анықталады, бұл орайда саналылық мен дербестіктің жеткіліксіздігі басым. Қалауы бар балалар, өздерінен не талап етілетінін түсінбестен іс-әрекеттерге қосылуы мүмкін, басқа іске ауысып немесе ситуациялық мотивтердің әсерінен әрекет етеді; ұжымдасып жұмыс істеуі қиынға соғады, көбіне басқаларға кедергі келтіріп, қақтығыстық жағдайларға килігеді. Орындаушылықтың басты ерекшелігі –

саналылық пен жауапкершіліктің жеткіліксіздігі, нәтиженің төмендігі.

5-ші тип: әлеуметтік пассивті балалар. Бұл типтегі балалар әлеуметтік реактивтілікті де сипаттайды, бірақ импульсивтіліктің қарама-қарсы белгісімен.

Енжар балалар, әдетте, бастамашылық көрсетпейді, әсіресе басқаларды ұйымдастыруды талап ететін әрекеттерде. Олар қалыптасқан стереотиптердің, қолжетімді үлгілердің әсерінен әрекет ете отырып, бағынышты позицияны ұстануға дағдыланған. Олар іс-әрекетке құлықсыз қосылады және оны тез доғарады, орындаудың тұрақсыздығын, төмен нәтижелілікті көрсетеді. Практикалық іс-әрекеттерде дағды мен іскерлікті нашар меңгереді, оларды үнемі ынталандырып, бастаған істерін қалай орындау керектігін түсіндіріп отыру қажет.

Біз орта мектеп жасындағы балалардың (5-7 сыныптар) тұлғалық белсенділігінің кейбір жеке-типтік ерекшеліктерін қарастырдық (кесте 3).

Нашар еститін оқушылардың бастамашыл және атқарушы екендігі анықталды. Екінші позицияға орындаушылыққа бағытталған балалар жатады.

Қорытынды. Осылайша, жүргізілген зерттеу кластарға байланысты балалардың қарастырылған типтерінің динамикасы айқын еместігін көрсетті. Елеулі динамика тек үшінші типте ғана анықталды. Бұл орындаушылықтың бастамашылдыққа қарағанда қарқындырақ дамитынын тағы да растайды. Орта мектеп жасындағы белсенділік пен реактивтіліктің әртүрлі типтерін сапалы сипаттау мектеп оқушыларына тұлғалық-бағдарланған тәсілге шығуға мүмкіндік береді және осының негізінде тұлғалық белсенділіктің басым типіне байланысты балалармен жеке іс-әрекеттің әдістерін жасауға мүмкіндік береді.

Эксперимент нәтижелері мектеп оқушыларының әлеуметтік белсенділігінің даму деңгейінің жеткіліксіздігі және оны дамыту үшін арнайы, атап айтқанда киіз басу сабақтарында жұмыс жүргізу қажеттілігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

3-кесте

Нашар еститін оқушылардың диалогтік қарым-қатынас белсенділігінің көрсеткіштері арасындағы айырмашылық

Қарым-қатынас белсенділігінің көрсеткіші	Белсенделсенділік көрсеткіштері	1-ші топ Мінез 1	2-ші топ Мінез 2	Нақтылық деңгейі мінез 1 – мінез 2
	эмпатиялылық	24,2	21,4	ps < 0.05
	ынтымақтастық	26,3	20,4	ps < 0.02
	экспрессивтілік	26	19,2	ps < 0.02
	қарым-қатынасқа оңай түсуі	26,8	17,2	ps < 0.001
	бастамашылдық	27,3	15,16	ps < 0.001
	импульсивтілік	25	22,1	ps < 0.05
	қарым-қатынасқа түсу ортасының кеңдігі	27,3	16	p < s 0.001
	талғамдылық	26	19,8	ps < 0. 01
	мақсаттылық	27	17	ps < 0.001
	интерналдылық	28,8	16,2	ps < 0.001
	қарым-қатынасқа түсу мотивациясы	28	21,8	ps < 0. 01
	нәтижелілік	25,3	16,2	ps < 0.01
	Ескерту – Эксперимент нәтижелері бойынша автор құрастырған			

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- [1] Зыков С.А. Школа для глухих на путях приближения к жизни. – В кн.: Обучение и воспитание глухих детей. // – 4 изд. – М., 2012. – с. 7-20.
- [2] Марциновская Е.Н. Основы предметно-практического обучения глухих школьников. – М., Педагогика, // – 6 изд. 2018. – 176с.
- [3] Нестерович Т.В. Технологии изучения уровня речевого развития учащихся старших классов с нарушениями слуха //Актуальные проблемы коррекционной педагогики и специальной психологии материалы VII Всероссийской (с международным участием) научно-практической конференции. 16–17 апреля. 2012 г. Череповец: ЧГУ. с. 169-171.
- [4] Власова Т.А. Комплексная программа реабилитации детей с нарушениями слуха /Т.А. Власова. – М.: АНО «НМЦ «СУВАГ», 2018. – 64 с.
- [5] Назарова Н.М. Основные принципы построения программ по развитию слухового восприятия слабослышащих учащихся //Совершенствование средств общения слабослышащих в условиях социализации: Мат-лы научно-практ.конференции ЛВЦ ВОГ. Л.,2019
- [6] Пенин Г.Н., Крутицкая Н.М. Методика коррекционно-развивающей работы при нарушении слуха //Г.Н. Пенин, Н.М.Крутицкая //– СПб.: Изд-во РГПУ им А.И.Герцена, 2020. 216 с.
- [7] Грошенко И.А. Изобразительная деятельность в специальной (коррекционной) школе VIII вида. Текст: учеб.пособие для студ.высш.пед. учеб.заведений /И.А.Грошенко. – М.: Академия, // –3 изд. 2018. - 208 с.
- [8] Фаас Н.Э. Формирование взаимоотношений школьников в процессе изобразительной деятельности в условиях разновозрастной группы. Автореферат дисс...канд. пед. наук.– М., 1991.
- [9] Оклендер В. Окна в мир ребенка. Руководство по детской психотерапии. – М.: Независимая фирма «Класс», 2018- 334 с.

[10] Kulesza, E. M., Huang, C. H., & Tsai, K. F. (2019). Attitudes of Taiwanese children to peers with disabilities in inclusive and noninclusive settings. ICERI2019 Proceedings (pp. 2788 – 2795). 12th International Conference of Education, Research and Innovation, 2019, Seville, Spain.

[11] Rottger E. Das Spiel mit den bildnerischen Mitteln//Band 3/Keramik- Ravensburg :Otto Maier Verlag 1999. p.120.

[12] Namazbaeva Zh.I., Ilyasov I.I., Nagibina N.L. DEVELOPMENT OF LIFE-MAKING OF MULTICULTURAL PERSONALITY OF THE XXI CENTURY Berlin-Moscow-Almaty, publishing house «Center for human development», 2020. - 322 p.

[13] Жиенбаева Н.Б. Формирование диалогической речи глухих младших школьников знаково-символическими средствами: дисс.канд. пед. наук. – Алматы, 2005

[14] Абдуллина Қ.Е., Жиенбаева Н.Б., Бірлесіп оқыту үрдісінде есту қабілеті нашар оқушылардың қарым-қатынастық белсенділігін киіз басу өнері арқылы қалыптастырудың ерекшелігі / Педагогика және психология. – 2021. – №4 (49). – 218-226 бб.

[15] Выготский, Л. С. История развития высших психических функций Текст. / Л. С. Выготский // Выготский Л. С. Собр.соч.: в 6-ти т.-Т.3. – М: Педагогика, 2008. т. 3. – с. 5-328.

[16] Лубовский В.И. Основные проблемы ранней диагностики и коррекции нарушений развития // Учебно-методический комплекс. – М.: ФЛИНТА, 2018.

[17] Боронска Т. Коррекция сенсорного и интеллектуального развития младших школьников с нарушениями слуха: учебно-методическое пособие – М.: Детство-пресс. –2018.– 112 с.

[18] Винникотт Д.В. Эра контрпереноса: Антология психоаналитических исследований (сборник): 2015 Изд-во:Академический проект, livelib.ru: <https://www.livelib.ru/author/9723/top-donald-vuds-vinnikott?ysclid>;

[19] Akiko Sugayaa, Kunihiro Fukushima, Soshi Takaod, Impact of reading and writing skills on academic achievement among school-aged hearing-impaired children //International Journal of Pediatric Otorhinolaryngology, Volume 126, November 2019, 109619: DOI: <https://doi.org/10.1016/j.ijporl.2019.109619> (өтінім берілген күні: 14.10.2022)

[20] Абдуллина К.Е., Жиенбаева Н.Б. «Есту қабілеті нашар оқушылардың әлеуметтік белсенділігін дамытудың маңыздылығы», //Сборник материалов Международной научно-практической онлайн-конференции «Интеграция теории и практики специального и инклюзивного образования» – Алматы, 2021, 110 б.

References

[1] Zykov S.A. Skola dla глуhih na putah priblijenia k jizni. – V kn.: Obuchenie i vospitanie глуhih detei. // – 4 izd. – М., 2012. – с. 7-20.

[2] Marsinovskaia E.N. Osnovy predmetno-prakticheskogo obuchenia глуhih skolnikov. – М., Pedagogika, // – 6 izd. 2018. – 176s.

[3] Nesterovich T.V. Tehnologii izuchenia urovna rechevogo razvitia uchasihsa starsih klasov s naruseniami sluha //Aktualnye problemy korekcionnoi pedagogiki i spetsialnoi psihologii materialy VII Vserossiskoi (s mejdunarodnym uchastiem) nauchno-prakticheskoi konferensii. 16–17 aprelya. 2012 g. Cherepoves: CHGU. s. 169–171.

[4] Vlasova T.A. Kompleksnaia programa reabilitatsii detei s naruseniami sluha /T.A. Vlasova. – М.: ANO «NMS «SUVAG», 2018. – 64 s.

[5] Nazarova N.M. Osnovnye prinsipy postroenia program po razvitiu sluhovogo vospriatia slaboslysasih uchasihsa //Soversenstvovanie sredstv obsenia slaboslysasih v usloviah socializatsii: Mat-ly nauchno-prakt. konferensii LVS VOG. L.,2019

[6] Penin G.N., Krutiskaia N.M. Metodika korekcionno-razvivaiusei raboty pri narusenii sluha //G.N. Penin, N.M.Krutiskaia //– SPb.: Izd-vo RGPU im A.I.Gersena, 2020. 216 s.

[7] Grosenkov I.A. Izobrazitelnaia deiatelnost v spetsialnoi (korekcionnoi) skole VIII vida. Teks: ucheb. posobie dla stud. vyss. ped. ucheb. zavedeni /I.A.Grosenkov. – М.: Akademia, // – 3 izd. 2018. – 208 s.

[8] Faas N.E. Formirovanie vzaimootnoseni skolnikov v prosese izobrazitelnoi deiatelnosti v usloviakh raznovozrastnoi gruppy. Avtoreferat diss.kand. ped. nauk – M., 1991.

[9] Oklender V. Okna v mir rebenka. Rukovodstvo po detskoj psihoterapii – M.: Nezavisimaia firma «Klas», 2018- 334 s.

[10] Kulesza, E. M., Huang, C. H., & Tsai, K. F. (2019). Attitudes of Taiwanese children to peers with disabilities in inclusive and noninclusive settings. ICERI2019 Proceedings (pp. 2788–2795). 12th International Conference of Education, Research and Innovation, 2019, Seville, Spain.

[11] Rottger E. Das Spiel mit den bildnerischen Mitteln//Band 3/Keramik- Ravensburg :Otto Maier Verlag 1999. r.120.

[12] Namazbaeva Zh.I., Ilyasov I.I., Nagibina N.L. DEVELOPMENT OF LIFE-MAKING OF MULTICULTURAL PERSONALITY OF THE XXI CENTURY Berlin-Moscow –Almaty, publishing house «Center for human development», 2020. - 322 p.

[13] Jienbaeva N.B. Formirovanie dialogicheskoi rechi gluhih mladsih skolnikov znakovno-simvolicheskimi sredstvami: diss.kand. ped. nauk – Almaty, 2005

[14] Abdullina Q.E., Jienbaeva N.B., Birlisip oqytu ürdisinde estu qabileti nasar oqusylardyn qarym-qatynastyq belsendiligin kiiz basu oneri arqyly qalyptastyrudyn erekseligı / Pedagogika jane psihologia. – 2021. – №4 (49). – 218-226 bb.

[15] Vygotski, L. S. Istoria razvitiya vyssih psihicheskikh funktsii. Teks. / L. S. Vygotski // Vygotski L. S. Sobr. soch.: v 6-ti t.-T.Z. – M: Pedagogika, 2008. t. 3. – s. 5-328.

[16] Lubovski V.I. Osnovnye problemy rannei diagnostiki i koreksii narusenii razvitiya // Uchebno-metodicheski kompleks. – M.: FLINTA, 2018.

[17] Boronska T. Koreksia sensornogo i intelektualnogo razvitiya mladsih skolnikov s naruseniami sluha: uchebno-metodicheskoe posobie /– M.: Detstvo-pres. –2018.– 112 s.

[18] Vinnikott D.V. Era kontrperenosa: Antologia psihoanaliticheskikh issledovani (sbornik): 2015 Izdvo: Akademicheskii proekt, livelib.ru: <https://www.livelib.ru/author/9723/top-donald-vuds-vinnikott?ysclid>;

[19] Akiko Sugayaa, Kunihiro Fukushima, Soshi Takaod, Impact of reading and writing skills on academic achievement among school-aged hearing-impaired children //International Journal of Pediatric Otorhinolaryngology, otinim berilgen kunı: 14.10.2022)

[20] Abdullina K.E., Jienbaeva N.B. «Estu qabileti nasar oqusylardyn aleumettik belsendiligin damytudyn manyzdylygy», //Sbornik materialov Mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi onlain-konferensii «Integratsia teorii i praktiki spetsialnogo i inklüzivnogo obrazovaniya» – Almaty, 2021, 110 b.

Особенности формирования социальной активности слабослышащих школьников средствами казахского декоративно-прикладного искусства

К.Е. Абдуллина^{1}, Л.Ф. Крупельницкая²*

¹ *Казахский национальный педагогический университет им. Абая
(Алматы, Казахстан),*

² *Киевский национальный университет им.Тараса Шевченко
(Киев, Украина)*

Аннотация

В статье рассматриваются особенности совместной деятельности слабослышащих и слышащих школьников в ходе занятий войлоковалянием, которые способствуют развитию диалогической и социальной активности личности слабослышащего. Авторы акцентируют внимание на том, что для проведения занятий не требуется трудно создаваемых условий, то есть этот метод является экономически доступным для большинства школ и коррекционных центров. Экспериментально обосновываются содержательные компоненты социальной активности в процессе творческой деятельности, а именно на занятиях войлоковаляния, которые способствуют развитию диалогической речи и социальной адаптации детей с нарушениями слуха в целом. Показано, что предметно-практическое обучение в процессе

формирования диалогической речи у детей с нарушениями слуха играет важную роль в формировании основных навыков социальной активности.

Ключевые слова: слабослышащие школьники, национальное искусство войлоковалание, социальная активность, диалогическая речь, совместная деятельность, социализация.

Features of the formation of social activity of hearing-impaired schoolchildren by means of kazakh decorative and applied art

K.E. Abdullina^{1}, L.F. Krupelnitskaya²*

¹Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan),

²Taras Shevchenko National University of Kyiv (Kyiv, Ukraine)

Abstract

The article discusses the features of the joint activity of hearing-impaired and hearing schoolchildren during felting classes, which contribute to the development of dialogical and social activity of the hearing-impaired personality. The authors focus on the fact that classes do not require hard-to-create conditions, that is, this method is economically affordable for most schools and correctional centers. The substantive components of social activity in the process of creative activity are substantiated experimentally, namely in felting classes, which contribute to the development of dialogic speech and social adaptation of children with hearing impairments in general. It has been shown that subject-practical training sessions in the process of forming dialogic speech of hearing impaired children play an important role in forming the basic skills of social activity.

Key words: schoolchildren with hearing impairments, national art of felting, social activity, dialogical speech, joint activity, socialization.

Редакцияға 09.11.2022 қабылданды.